

Жезқазған қаласында жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қазандағы N 22/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 қарашада N 1984 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 маусымдағы N 15/05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 01.06.2016 N 15/05 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүргендер, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жезқазған қаласында жұмыс орындарына:

қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 11/01 "Жезқазған қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-2-141 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 3 маусымдағы N 20 (7720) "Сарыарқа" газетінде және 2011 жылғы 3 маусымдағы N 22 (266) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Ахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК